

**Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастардың Қазақстан Республикасының немесе ТМД елдерінің шипажайлық-курорттық мекемелерінде емделуі және жол ақысына жеңілдік берудің Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысының әкімиятының 2003 жылғы 13 маусымдағы N 76 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 9 шілдеде N 1013 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 15 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2011.01.26 № 15 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңының 44 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" N 1758 қаулысына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-ші бабы негізінде, облыс бюджетінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының немесе ТМД елдерінің шипажайлық-курорттық мекемелерінде Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастардың емделуі және жол ақысына жеңілдіктер беру туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін. **<\*>**

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 167 қаулысымен.**

2. Жамбыл облысы әкімиятының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті (А.Д.Қарабалаев) жоғарыда аталған жолдамалардың бөлінуі мен берілуін бақылауға алсын. **<\*>**

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2005 жылғы 31 наурыздағы N 93 қаулысымен .**

3. Жамбыл облысы әкімиятының қаржы департаменті (Б.З.Иманәлиев) осы мақсатқа қарастырылған бюджеттік қаржы шегінде қаржыландыру жүргізілсін. **<\*>**

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2005 жылғы 31 наурыздағы N 93 қаулысымен .**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары М.Н. Байбековке жүктелсін.

*Облыс Әкімі*

Жамбыл облысы әкімиятының  
2003 жылғы 13 маусымдағы  
"Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны  
ауыратын науқастардың Қазақстан  
Республикасының немесе ТМД  
елдерінің шипажайлық-курорттық  
мекемелерінде емделуі және жол  
ақысына жеңілдік берудің  
Ережесін бекіту туралы"  
N 76 қаулысымен бекітілген

**Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастардың  
Қазақстан Республикасының немесе ТМД елдерінің  
шипажайлық-курорттық мекемелерінде емделуі үшін және жол ақысына  
жеңілдіктер берудің  
Ережесі**

Осы Ереже Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастарға облыстық бюджет қаржысы есебінен "Мүгедектерді жергілікті деңгейде әлеуметтік қолдау" атты бюджеттік бағдарламасы бойынша санаторлық-курорттық емделу мен жол ақысын төлеуге жеңілдік берудің тәртібін белгілейді.

< \* >

Ескерту. Өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2004 жылғы 29 маусымдағы № 167 ; 2005 жылғы 31 наурыздағы № 93 қаулыларымен

**1. Жалпы ережелер**

1. Облыстағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастарға Қазақстан Республикасының немесе ТМД елдерінің шипажайлық-курорттық мекемелерінде (ары қарай шипажайлар) емделу үшін барып-қайту жол ақысы оларды әлеуметтік қолдау, сауықтыру мен бейімдеуге бағытталған тегін санаторлық-курорттық емделуді қамтамасыз ету түрінде (жылына 1 рет 30 күнтізбелік мерзімге) беріледі.

< \* >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 167 ; 2005 жылғы 31 наурыздағы №93 қаулыларымен .

2. Омыртқа жұлыны ауыратын науқастарды шипажайларға жіберуге жолдама беруді, құжаттарды рәсімдеу мен есепке алуды облыс бюджетінде

қарастырылған қаржы есебінен Жамбыл облысы әкімиятының жұмыспен камтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті жүргізеді. <\*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 167 ; 2005 жылғы 31 наурыздағы N93 қаулыларымен .

3. Уәкілетті орган осы Ережеге сай омыртқа жұлыны ауыратындарға ж о л д а м а л а р б ө л е д і . < \* >

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 167 қаулысымен.

## **2. Омыртқа жұлыны ауыратын науқастарға жолдама беру тәртібі**

4. Шипажайларға емделуге жолдама медициналық көрсеткіштер бойынша омыртқа жұлыны ауыратын мүгедектерге тегін, төмендегі құжаттар негізінде беріледі:

1 )                   Ө т і н і ш

2) Аталған шипажайда науқастың емделуін қажет ететіні немесе емделуге қарсы көрсеткіштердің болмауы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының көшірмесі. < \* >

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2004 жылғы 29 маусымдағы № 167 қаулысымен.

5. Өтініш уәкілетті орган арнайы құрған комиссияда қаралады, бұл ретте кезектілік пен емделу қажеттілігі, ауырудың ауырлығы ескерілуі тиіс.

6. Шипажайларға жолдама жоғарыда аталған бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінген сома шегінде сатып алынады. < \* >

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - Жамбыл облысының әкімиятының 2004 жылғы 29 маусымдағы № 167 қаулысымен.

7. Жолдаманы алған тұлға (белгілі себептермен) оны пайдаланбаған жағдайда , шипажайға баратынынан 5 күн бұрын мерзімнен кешіктірілмей кезектегі науқасқа беру үшін уәкілетті органға қайтаруы тиіс.

8. Жолдама науқасқа емделуге аттанудан 5 күн мерзімнен кем емес уақытта беріледі.

9. Берілетін жолдама оны алушы мүгедектің аты, тегі, әкесінің аты, тұрғылықты жері көрсетіле отырып толтырылып, жолдаманы берген мекеменің аты жазылып, мөрі басылуы тиіс. Толтырылмаған жолдаманы беруге тыйым салынады.

10. Жолдаманы алғанда мүгедек төл құжатын және зейнеткерлік куәлігін көрсетуі қажет.

11. Жолдаманың орнына нақтылай қаражат беруге тиым салынады.

### **3. Жолдамаларды есепке алу және оның берілуі туралы есептілік**

12. Емделуге және демалуға берілетін жолдама құнды құжат болып табылады , сақталуы және оған ақшалай қаражатпен бірдей есеп жүргізілуі тиіс.

13. Жолдама бойынша кіріс, шығыс құжаттар, шарттар, жүкқұжаттары, шоттар, оларға ақша төленгендігі туралы квитанциялар, есепке алу кітаптары ақшалай кіріс-шығыс туралы құжаттарды сақтау тәртібіне сай сақталады.

14. Жолдаманың пайдаланылу мерзімі аяқталған соң жолдаманы пайдаланғаны туралы кері талон уәкілетті органға тапсырылады.

15. Уәкілетті орган, белгіленген тәртіппен қарастырылған қаржының пайдаланылуы туралы есеп беріп отырады.